

ISSN 1728-7801

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті
Казахский национальный педагогический университет имени Абая
Abai Kazakh National Pedagogical University

ХАБАРШЫ ВЕСТНИК BULLETIN

«Филология ғылымдары» сериясы
Серия «Филологические науки»
Series «Philological sciences»
№2(68)

Алматы, 2019

<p>Editor in chief <i>doctor of pedag. sc., prof., academician</i> B.U. Smanov</p> <p>Deputy Chief Editor <i>doctor of philology, professor</i> B.Abdigaziuly</p> <p>Scientific editors <i>doctor of philology, professor</i> S.D. Abisheva <i>doctor of philology sciences, professor</i> K.O.Esenova <i>candidate of Philology</i> A.D. Ibrayeva</p> <p>The editorial board members: <i>doctor of Philology, professor</i> U.M. Bakhtikireeva <i>(Russia), PhD, professor</i> I.Z. Belobrovceva <i>(Estonia), doctor of Philology, professor</i> Erdogan Altynkainak <i>(Turkey), doctor of Philology, professor</i> A.K. Kiklevich (Poland), <i>doctor of Philology, professor</i> G.L. Nefagina (Poland), <i>master, professor</i> Nonako Susumu (Japan), <i>doctor of pedagogical sciences, professor</i> N.I. Ishekeyev <i>(Kyrgyzstan), doctor of Philology, professor</i> Zhan Dingzhing (China), <i>doctor of pedagogical sciences, professor</i> Chan Din Lam (Vietnam), <i>Master of Philology</i> Zh.Sh.Sametova <i>(Executive secretary)</i></p>	<p>folklore motives in modern kazakh stories</p> <p>Әділжан А. Зейнолла Сәніктің әдеби-тарихи зерттеулері Adilzhan A. Literary and historical research of Zeynolla Sanik</p> <p>Байболов А.У., Сабирова Д.А. Интермедиальность как предмет научных исследований Baybolov A.U., Sabirova D.A. Intermediality as a scientific research object</p> <p>Бегманова Б.С. Ү. Доспанбетов «Көне қобыз күйі» повесі: сарын, ұлттық мінез Begmanova B.S. Motif and national character in U. Dospanbetov's story "The melody of old cobus"</p> <p>Исламбаева З.У., Жумасентова Г.Т., Творческое взаимодействие в культуре тюркского мира Islambayeva Z.U., Jumasseitova G.T. Creative interaction in the culture of the turkic world</p> <p>Кубдашева К.Б. Повествовательно-речевая организация произведений О.Бокеева и Ю.Герта. Kubdasheva K.B. Narrative speech organization of works of O. Bokeev and YU. Gerta</p> <p>Кожекеева Б.Ш., Бегманова Б.С. Абай мен қазіргі қазақ поэзиясындағы үндестік Kozhekeeva B.Sh., Begmanova B.S. Harmony in modern kazakh poetry and Abay</p> <p>Құтжанова Н.Б., Ержанова С.Б. А.Байтұрсынұлының ұлттық мүддесі Ә.Кекілбаев сараптауларының негізі Kutzhanova N.B., Erzhanova S.B. National interest A. Baytursynuly basis for analysis A. Kekilbaev</p> <p>Лян В.В., Ахатова Б.А. Уникальность, особенности и место жанра «Young Adult» в современной художественной литературе Lyan V.V., Akhatova B.A. The uniqueness, peculiarities and place of the "Young Adult" genre in contemporary fiction</p> <p>Мусаева И.А. Стихия романа в произведении "Муниснаме" Абубакра ибн Хосрова аль-Устада Musaeva I.A. The elements of the novel in the work "Munisnam" by Abubakr ibn Khosrov al-Ustad</p> <p>Орда Г.Ж., Маданова З. Ш. Айтматов пен З.Сәнік шығармаларындағы алғашқы ұстаз бейнесінің сомдалу ерекшелігі Orda G.Sh., Madanova Z. Artistic implementation of the image of a teacher in the works by Ch.Aitmatov and Z.Sanik</p> <p>Оспанқұлова Ш.А. Көркем мәтіндегі дейксис Osankulova Sh.A. Deixis in a literary text</p> <p>Поляк З.Н. Жанр фэнтези в современной казахстанской прозе для детей Polyak Z.N. Genre fantasy in modern Kazakhstan prose for children</p> <p>Сарбасов Б.С., Онласын У.К. Жұмекен Нәжімеденов поэзиясындағы лирикалық кейіпкер Sarbasov B.S., Onlasyn U.K. Lyrical images of poetry by Jumeken</p>
<p>© Kazakh National Pedagogical University named after Abai, 2019</p> <p>Registered in the Ministry of Culture and Information of the Republic of Kazakhstan</p>	<p>4</p>

¹Б.С. Сарбасов, ¹У.К. Онласын

¹Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан

ЖҰМЕКЕН НӘЖІМЕДЕНОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ЛИРИКАЛЫҚ КЕЙІПКЕР

Түйіндеме

Ж.Нәжімеденов шығармашылығының көркемдік ерекшелігін қарастыру әдебиет саласының өзекті мәселелерінің біріне жатады. Себебі, Ж.Нәжімеденов шығармашылығы бүгінге дейін зерттеліп келгенімен, акын өлеңдерінің көркемдік сипаты әлі де тереңіне үңіліп, аша түсуді қажет етеді.

Ж.Нәжімеденов шығармаларының зерттелуі жайлы сөз болады. Акынның табиғат, махаббат суреттеріне арналған өлеңдеріне талдау жасалынады. Акын лирикаларында лирикалық кейіпкердің туған жерге деген сүйіспеншілігін, табиғатты бейнелеуінде оқырманды еріксіз елітетін әсем суреттеулер, сүйіспеншіліктегі жалған сезімге қарсы бағыттағы шынайылықты дәріптейтінін көреміз.

Суреткердің оқырман алдындағы парызын, міндет-мақсаттарын анықтайды, шеберлік жолындағы ізденістері, айқындалады. Акын шығармаларының тілі туралы да ғалымдардың жеке ой-пікірлері айтылады. Тілдік құралдарды акын қалай қолданды, олар қандай дәрежеде көрініс тапты деген мәселелерге талдау жасалынады.

Тірек сөздер: Лирикалық кейіпкер, суреткерлік шеберлік, поэтикалық тіл, көркемдік ерекшелігі.

¹B.S. Sarbasov, ¹U.K. Onlasyn

¹Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

LYRICAL IMAGES OF POETRY BY JUMEKEN NAZHIMEDENOV

Abstract

The well-deserved character of the music by Zhumeken Nazhimedanova is one of the latest in modern Kazakh literatures. The celestial dance project is a more sophisticated study of poetic works. As a matter of fact, Najimedanova's creative work was unmatched by the study of the science of poetry, a poetic poetry requiring a far cry from the perverted sorcery. Also, in the article was devoted to the consideration of the poetic work of Zh. Najimedenov. Subtitles of the analysis of spiegel and love, character work with the word, use of tropics, sound effects of spirits, differentiation and contemplation in the description of prirod. The artist identifies the mission poet, his poetry, uncovers his poetic creativity. Additionally, in the article, we use a lot of language tools.

Keywords: by fearlessness, resoluteness, amazing gift of belief, unshakable confidence of the correctness.

¹Б.С. Сарбасов, ¹У.К. Онласын

¹Казахский национальный женский педагогический университет, г. Алматы, Казахстан.

ЛИРИЧЕСКОЕ ОБРАЗЫ ПОЭЗИИ ЖУМЕКЕНА НАЖИМЕДЕНОВА

Аннотация

Художественный характер произведений Жумекена Нажимеденова является одной из актуальных в современной казахской литературе. Целью данного проекта является более глубокое изучение поэтических произведений. Так как, несмотря на то, что

творчество Нажимеденова неоднократно был предметом научного осмысления, художественный характер поэзии акына требует дальнейшего глубокого изучения.

Также, в статье посвящен рассмотрению идейно-тематического содержания произведений Ж.Нажимеденова. Подвергнуты анализу стихи о природе и любви, характер работы со словом, использование тропов, звуковые особенности стиха, разнообразие и богатство красок в описании природы.

Художник определяет миссию поэта, его поиски, раскрывает секрет поэтического творчества. Также, в статье речь идет и о языке произведений поэта, о том, какие языковые средства он использует.

Ключевые слова: Художественный характер, поэтическое мастерство, поэтическое язык, лирическое образы.

Кіріспе. Жүмекен Нәжімеденов лирикасы

Ж.Нәжімеденов – қазақ лирикасының көкжиегін кеңітіп, мазмұнын тереңдетіп, пішінін жетілдіруге айтарлықтай үлес қосты. Сондықтан да ол қазіргі қазақ өлеңінің санаулы шеберлігінің санатына еркін енді.

Ж.Нәжімеденов өзінің шығармашылық сапарында эпикалық құлашын да кен танытқан тамаша талант. Акын поэзиясының көркемдік ерекшеліктері, тілі мен стилі мен тегі жалпы поэтикасы нұсқалы бай. Ол арғы – бергі замандағы қазақтың әрлі де нәрлі асыл сөздерін мол игерген, жете меңгерген және өз шығармаларына сіңірген.

Ж. Нәжімеденовтің акын ретіндегі жемісті еңбек еткен кезі – алпысыншы, жетпісінші, сексенінші жылдар, яғни қазақ поэзиясының философиялық тұрғыдан тереңдеп, көркемдік жағынан әрлене түскен кезеңі. Профессор Қажым Жұмалиев: «Талант әр алуан. Оның қыры мен сырын жарқ еткізіп аша салу кімге де болса қиын. Әсіресе бұл ұлы жазушы, ірі таланттарға тән қасиет» деп акын жайында құнды пікір айтады [1.,13].

Қазақ поэзиясы жөнінде сөз қозғала қалса, Жүмекенді атамай өту мүмкін емес. Ол сонау алпысыншы жылдардың өзінде-ақ жұрт назарына өзінің ақындық ерекшелігімен ілінді. Әбділдә Тәжібаев Жүмекеннің тырнақалды туындылары жөнінде: «Жүмекен сөз жоқ, ешкімге ұқсамайтын, өзіндік ақындық жаратылысы, өзіндік бейнесі бар, көп ойлап, көп оқитын, көп ізденетін жас. Жүмекен жұртшылығымызды қатты үміттендіретін акын», – деп жазды.

Жүмекен – философ. Ол поэзияға философиялық толғаныстар ала келген акынның бірі, әрі бірегейі. Ғалым Серік Қирабаев: «Қазіргі кездің бірталай лирикасында заман шындығын уақыт сырының философиялық мәнін ашу жолымен пайымдату сарыны аңғарылады. Бұл – Әбділданың бірсыпыра өлеңдерінде, Қадырдың, Жүмекеннің жақсы жырларында бар қасиет» – дейді [2., 347].

Философиялық ойларды акынның «Егіз шумақтар» деп аталатын топтамаларынан да кездестіреміз. Мұнда ол өлеңіне адам өміріндегі байқалмаған жайларды айтады. Ақындық қиял өмір тереңіне үніле берсе, таппайтыны болмайтынын Жүмекен өлеңдерінен айқын көресіз. Өмірдің жазылмаған заңдары қаншама!? Акын оқырман көңілін соған аударады. Мұнымен автор жаңалық ашып тұрған жоқ, әрине. Табиғатта өзіндік сыр бар екенін кім де болса біледі. Алайда, акын өз ойын оқырманның білетіндеріне көмекшілік ретінде ғана нақтылай түскен. Мәселен, «Бұл жерден басталса тіршілік, сапарын сол жерде аяқтар», «Күлкінің қадірін тек қана қайғылы біледі», «Күн қайда болса – онда көлеңке», «Жол қайда болса – онда жүргеннің іздері қаларын білемін» деп ашып көрсетеді де, өлеңді былайша:

Өмір-ау, осынша көп заңға,
Қай кезде қол қойып үлгердің? –